

1951 жыл. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына алты жыл болып қалған. Осы аталған бейбіт жылдар ішінде Қарағанды бассейні де дүрделіп, өрге басып тұрған. Ол уақытта мен Федоровқа поселкесіндегі шетіндегі ашық шахта тресінде бас инженер болып істейтінмін. Бүгінгідей жетістік жетісіне шығып, егде тартқан, қатарымыздың аз-аздап шетінеге шағы емес. Бірге оқыған жолдастарымыздың берік қорған құраған, ел игілігіне қызмет еткен, шеттерімізден 35-36-ға жаңа толған кездеріміз. Мен «Қарағанды бассейніндегі көлбеу қабаттарды ысырапсыз, тиімді алуудың жаңа әдістері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация жазып, оны Алматыдағы бірнеше институты біріккен ғылыми советінде қорғауға аттанбақшы бол жүретінмін. Апрель айының бас шешінде шақырумен астанаға келдім.

Ғылыммен жаңа айналысқан, тәжірибесі аз жас жігітке кездері мен қиыншылық аяқ астынап табылады. Аталған советтің ғылыми секретары мені өздері шақырғанымен, диссертацияның уақытына түйікке тірелгенін ескертті. Маған белгіленген екі оппоненттің бірі, мұндағы кен институты директорының орынбасары Николай Корнеевич Антоненконың Ақтөбе жағына командировкаға кеткенін, ол қайтып ораламай диссертация қорғаудың сәті тумайтынын ашық айтты. Ал, хабарланғай, белгіленген күнде советтің мүшелері лауазымды ғалымдар жиылса, бір-бір оппонентің болмай қалса, бұл өкінішке келіктіреді деді. Сондықтан, бұл қиын істе көмек көрсете алатын бір ғана тұлға бар. Ол — Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев қана.

— Сіз сол кісіге барып, жағдайыңызды айтып көріңіз. Кім біледі, президент мақұл десе, бәлкім, ісіңіз оналып кетер, — деген ақыл-кеңес берілді.

Бұл достық пікірді асықпай, сарайға сала келе, мен ақыры президентке жолығуға бел байладым. Елуінші жылдары рес публика Ғылым академиясының орталық үйі Құров кешесінің бойындағы үш қабатты шағын үйде болатын. Сол үйдің екінші қабатындағы президенттің қабылдау бөлмесіне келдім. Секретарь міндетін атқаратын кісіге қайдан келгенімді, кім екенімді айтып, өтінішімді білдірдім. Ұмытпасам қызмет кіші бөлігінде уағы еді. Мәзір алаңсыз алаңсыз жақындап қалғандықтан, қабылдау тосқандар саябыр тапқан сәт екен. Президенттің кабинеті де бос. Қаныш Имантайұлының да жалғыз отырған шағы менің шаруама бір қолайлы жағдай ашқандай. Әлгіде ғана кабинетке кіріп кеткен көмекші әйел бері шығып:

— Ал, кіріңіз, президент сізді тосып отыр! — деді.

Канекеннің ол уақытта елдің екісіне шыққан кезі. Бұрын сыртынан талай көргенім де бар. Бірақ, дәл бүгінгідей алдына жақын келіп, дидарласқан сөтім болған емес еді. Маңдайы керекары, ірі тұлғалы, қою бұйра шашты Қаныш ағамыз таудай болып, орнынан көтерілді. Өзінен оң жеті жас кішілігі бар адамға айналып қол ұсынып, сөлем бергенде, сөздің расы керек, мен едәуір қысылып қалдым. Халқымыздың «Ұлық болсаң, кішік бол» дейтін, белгілі дана нақылы еріксіз еске түсті.

— Мына жерге жайласыңыз. Әуелі қайда туып, қайда оқыған жерлеріңізді айтыңыз. Шаруа жайын содан кейін біле жатармын, — деді баппен, күлімсірей сөйлеп.

Кабинет іші кең болғанымен, тым қарапайым. Төрдесі үлкен жұмыс столының алдында ақ чехолмен қапталған екі жұмыс креслоның бірін ұсынған соң, мен соған келіп тізе бүктім. Орталық Қазақстанда туганымды, 1932—1933 жылдары Қолыратта, Еспенде моторист болып істегенімді, одан Қарағандыға келіп, ондағы мен техникумға оқуға түскенімді, 1939 жылы Днепростровскідегі кен институтын бітіргенімді баяндадым. Одан кейінгі жұмыс жолымды тізіп шықтым.

— Қазақстанда жергілікті халықтан даярланған инженерлер өзі де азыншы. Сіздердей мамандар легін үнемі көбейте беруге тиісіміз, — деп, президент неге екені белгісіз, менің сөздерімді көтермелен қойды.

Атқарған қоғамдық қызметі жоғары, ел алдындағы лауазы-

мы биік адамдардың талайын бұл өмірде біз де көргенбіз. Солардың ішінде Канекен өзін өте қарапайым, аса кішіпейіл ұстайтын. Ол өзінен көп кіші адамдарға ешбір асқақтамай, қысылтпай, көктемгі жаңа туған күннің нұрлы шуағындай мінезбен қарайтын. Бір көргеннен алдындағы жасы кішімен де, үлкенмен де тез ұғысып, тіл табысып кететін. Ретімен айтылған бірер сөз, толымды пікірден кейін-ақ тосыннан келген кісіге кеншілік, жайлы жағдай туып қоя беретін. Мына жолы маған да тап солай болды. Келген шаруамның бет әлліні енді дұрыстап сұрай бастады. Мен үш-төрт күнде қорғауға тиісті кандидаттық диссертацияның бөгеліп тұрғанын, оның себебі, өкініші оппонентінің командировкадан оралуы қиынға соғатынын жайлап айтып шықтым. Канекен

сын орындау ісінде Сарыарқаның ұшап-теңіз кен байлықтарын игерудің зор маңызына тоқталды.

— Минералдық шикізаттың сарқылмас қазынасына айналған, бұл ұланасыр атырау. — деді К. И. Сәтбаев. — алдағы жақын жылдарда түсті металлургияның гауда орталығы емес, сонымен қатар сұйықте кара металды, атап айтқанда, шойынды, болатты және химия өнімінің түр-түрін беретін аса берекелі аймаққа айналатын болады.

Бұдан әрі Канекен Арқа атырабының кен байлығын тиімді игеру жолдарына және қойылып отырған маңызды міндеттерге жете көңіл аударды. Елге әсіресе мыс, темір молибден, тас көмір көп керек екенін айрықша атады. Алдағы жеті жылда Орталық

совет көп жылдан бері жұмыс істеп келеді.

Әлі есімде, тағы да Канекеннің сол сапарында мынадай бір игілікті іске жақын шаранаты тигендей болды. Бұған дейін «Қарағандыгаула-разведка» тресінде басқарушы міндетін атқарған, сол күнде біздің институтта беделді оқытушы болып істеген М. Т. Самсоновка профессорлық атақ берілуіне жәрдем жасауын өтінген едік. Қаныш Имантайұлының қамқорлығы арқасында сол өтінішіміз орындалды. Максим Тимофеевич, сөйтіп, сол кездегі Қарағандыдағы іргелі ғалымдарымыздың қатарын толықтырды.

1961 жылы июнь айының ішінде Канекенмен Москвада кездестік. Аталған айдың 12—14 күндерінде Кремльдің Ұлкен залында еліміздегі ғылы-

ЖАҚСЫНЫҢ ШАРАПАТЫ

сәл ойланғай қалды да, Н. Қ. Антоненконың бастығымен тікелей телефонмен жалғасты.

Алма-кезек өңімінен бір ортайы тұсында:

— Шешім былай болсын, — деді.

Президенттің енді не айтатынын іле сөзіп, сабырмен тоссам да, бір кішкене абыржу-ғалдай толқу пайда болды. Үй-түңсіз кідіріп, мон-жайды байқауға тырыстым. Президент одан әрі сөйлеп кетті.

— Қазір Қарағанды инженері Сағыновтың ғылыми жұмысын қорғауына төрт күнділік уақыт қалған екен. Сондықтан, оның екінші оппоненті Николай Корнеевич мына командировкадан институт тарапынан алған тапсырмасын да тезірек орындасын. Ақылмен жіті қимылдаса, бітпейтін іс жоқ. Қысқасы «Өгіз де мертікпесін, арба да сынбасын». Қарағандыдан келген диссертацияты көрі-қайтарып, әуре ету үшін реті болмас. Құлақтандыру берілетін. Ғалымдар хабарланған. Енді не керек? Демек, жақсылықтың жолын не болса сонымен бөгемейік. Орынбасарыңыз дәл айтылған уақытқа жететін болсын, — деп тұжырдды.

Бұдан артық жақсылық бола ма? Бүкіл республика ғылымының ордасын басқарып отырған, тұңғыш президенттің ұмытылмас кісілік парасаты арқасында, мен сол жолы кандидаттық диссертациямды ойлағандай қорғап шықтым.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен менің екінші мәрте ондап дидарласуым 1958 жылдың күзінде болды. Октябрьдің 27-нен ноябрьдың 1-не дейін Қазақстан Ғылым академиясының, Қазақ ССР Геология және кен байлығын сақтау министрлігінің, Қарағанды халық шаруашылығы советінің кеңіс қаласында бірлескен сессиясы өткізілді. Мұндағы қаралған маңызды мәселе Орталық Қазақстанның өндіргіш күштерін одан әрі дамыту проблемаларына арналады. Қарағанды кеңіс-терінің Мәдениет сарайында өткен алғашқы күнгі жалпы мәжілісті СССР Ғылым академиясының вице-президенті академик Иван Павлович Бардин ашты.

Бік тау арқанында алыстан шалыналы ғой. Айналадағы ел жақсы кісіні де алыстан көреді. Бұрыннан бір-бірін жетік білетін, екі айтулы ғалым президиум столында жартасып, қатар отырды. Академик И. П. Бардин К. И. Сәтбаевтан он бес жастай үлкен болатын. Солтай бола тұрса да, әуелі ақыл мен мәдениеттің иесі, орыстың көрнекті ғалымы Иван Павловичтің атакты қазақ әріптесін, социалдықты ұнататын зағды отырғандарға сезіліп тұрды.

Сессияда СССР Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты, төрт рет Ленин орденімен және екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталған академик Қ. И. Сәтбаев «Орталық Қазақстанның минералдық байлықтары» деген тақырыпта арнаулы саяндама жасалы. Ол ел алдымен Совет Одағының экономикасын дамытудың алдына жеті жылдық программа-

Қазақстанның өзі де жөнді зерттелмеген жерлеріне геологиялық, геофизикалық, геохимиялық комплексті зерттеулер жүргізудің шараларын алға тартты.

К. И. Сәтбаевтың зор ықыласпен тыңдаған баяндамасынан кейін, еліміздің аса көрнекті ғалымдары, академиктер А. Л. Цейт, Ф. Б. Бектұров, Ш. Ш. Шокин, А. С. Попов, М. П. Русаков, И. И. Бок, А. П. Полосухин, Р. А. Бордукаев, Д. А. Зыков, В. В. Михайлов, көрнекті ғалымдар А. В. Бричкин, Г. Н. Шерба, Е. Д. Шлыгин, Г. Л. Кушев, Г. Ц. Медоев, Л. Ф. Думлер, М. А. Ермеков, А. П. Судоплатов, М. Н. Гелескул, Қарағанды халық шаруашылығы советінің председатели, техника ғылымының докторы Д. Г. Оника, Қазақ ССР геология және кен байлығын сақтау министрі А. С. Богатырев және өзге де білікті кісілер қолына баяндамалар жасалды. Сол сияқты Орталық Қазақстанда өндіргіш күштерді өркендету жөнінде Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының бас бастығы Н. А. Крыловтың, Ертіс-Қарағанды каналының құрылысы туралы инженер И. С. Семёновтың, Орталық Қазақстанда химия өнеркәсібін дамыту жайында С. Р. Рафиковтың сөздері назар аударды. Бірнеше күнге созылған секциялық жұмыстарда 23 ғылыми баяндама талқыланды. Солардың баршасын Канекен байсалды басшылық етті. Мұның өзі кімге болса да асқан үлгі еді.

Көшпелі сессияның бақандатқан алты күнге созылған, аса мазмұнды өткен күндерінің соңғы бір бастау шағында К. И. Сәтбаев бастаған бір топ ғалымды біз сол кездегі Қарағандының жаңа ұымдасқан политехникалық институтына қонаққа шақырдық. Осы 1958 жылдың көктемінде дейін бұл жоғары оқу орны тау-кен институты болып аталатын. Жүздеген студенттермен және оқытушы-профессорлармен кездесуге келгендердің ішінде Ш. Ш. Шокин, Г. Л. Кушев, Д. Г. Оника болды. Атақ-даңқтары жайсаң ғалымдар Орталық Қазақстанның тұнып жатқан байлықтары жайында, оларды ұқыпты игеру жайында есте қалатын әңгімелер шертті. Солардың ішінде Қаныш Имантайұлының ғылыми деректері, алдағыны болжаған пайымдаулары елеулі әсер қалдырды. Өткен өмірдің сол жарқын шағында болған кездесудің бір сәтінде мен өзім басқарып отырған институттың келешегіне байланысты жәрдем сұрадым. Канекен бұл өтінішке өзіне тән дарқандықпен уәде берді. Ол ең алдымен Орталық Қазақстанды жоғары оқу орындарының ордасына айналдыру керектігін барынша қосталы. Кандидаттық диссертация қорғауға мүмкіндік беретін ғылыми совет ашуға да ақыл қосты. Бұл күнде кеншілер қаласы жыл сайын жоғары білімді кадрлар даярлатып орталыққа айналып отырғанын жұртқа мәлім. Оның үстіне біздің политехникалық институтта кандидаттық диссертациялар қорғауға мүмкіндіктер беретін арнаулы ғылыми

ми қызметкерлердің Бүкілодақтық кенсі өкілізтемесі. Қарағандыдан шақырылғандардың шоғырында профессор Е. А. Букетов екеуіміз де бар едік. Біз поезбен жеттік. Астанадағы «Центральный» мейманханасына орналастық. Кремльдің жарқыраған күмбезі астында ғалымдар жиналысы ашылғанда да біріміз аға, біріміз іні сипаландықтан, жұбымыз жазылған жоқ. Қатар жайғасқан кезімізді Канекен де анадайдан байқап, маз болып, үлкен басымен қасымызға келіп, семьямыздың, ауыл-аймағымыздың аман-суулығын, жаңалықтарын сұрап білді. Партия мен үкімет басшылары қатысатын осы үлкен мәжілісте өзінің сөйлеуге әзірленгенін еске салды. Біз академиямызға табыс тіледік.

Байтақ елдің түкпір-түкпірінен жиналған ғалымдардың Бүкілодақтық кенсінің СССР Ғылым академиясының президенті академик М. В. Келдыш қасында сөз сөйлеп ашты да, кейін «Совет ғылымы және коммунистік құрылыс» деген тақырыпта аса мәнді баяндама жасады. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің атынан А. И. Косыгин құттықтау оқып, ғылымның өмірмен тығыз байланысы жайында тартымды сөз сөйледі. Төрт адамнан кейін сөз кезегі біздің Канекенге тиді.

Үлкен залға лық толы адамдардың назары енді орнынан жайлап тұрып, мінберге қарай салмақпен аяндаған, есімді одаққа да, әлемге де белгілі қазақ оқымыстысына ауды. Оның ұзын боғы, бұйра шашы, жел маңдайы мен жарқын дидары бірден-ақ отырғандарға әсер еткендей болды. Бұған қосымша Канекеннің:

— Жолдастар! — деген, сәт көтерілкі салмақпен естелген, барқыттай жұмсақ, қоңыр дауысы тыңдаушыларды тыныштыққа бөледі.

Біз де көкірегімізді шаттық, бойымызды мақтанш керсін тына қалдық. Бүкіл елдің не бір ығайы мен сыйғайы бас қосқан жерде, оған қатысып отырған партия мен мемлекет басшыларының алдында президентіміз не айтар екен, бас-аяғы он минуттық уақытқа мәселені қалай сыйғызып, сөзін қалай тындырар екен? деген алаңдаушылық бар.

— Бүгінгі кештің мәні мен бағасын тілмен айтып жеткізу қиын. Ол көктегі ғарышқа тұңғыш совет азаматы Юрий Гагариннің ұшып шыққан, ғажайып ерлігіне ім-шала келіп отыр. Әлемді тапырқатқан бұл тамаша қуаныш совет ғылымының салтанаты екені даусыз. Сонымен қатар, бүгін біздің кенсіміз партияның алдағы ХХІІ съезінің ашылар қарсаңында өтіп отыр. Бізге, күллі совет ғалымдарына мұның өзі аса зор жауапкершіліктер жүктелді, — деп, Канекен толғамлы пікір түйіп, одан әрі аршындай сөйлеуіне тәуір жол ашып алды.

Қазақ халқының талай жайсаңдары туып-өскен Сарыарқаның түзегі, аса көрнекті совет геологы, ғылыми қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаев шаршын топ алдына жиі-жиі шығып жүрген кісі. Оның орыс-

ша, қазақша мәдіретіп сөйлеу мәнері, ой-пікірлерінің тереңдігі, асқан тапқырлығы, шешендігі, кімге де үлгі боларлық еді. Ол Кремльдегі кенесте де Қазақстанның одақ көлеміндегі экономикалық, әлеуметтік, ғылымдық алар орнын қызықты деректермен дәлелдеді. Қырық жылдың ішінде өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, мәдениеті қарыштап аяға басып, қазір 27 жоғары оқу орнында ондаған мың жастардың білім алатынын, құрылғанына он бес жылдай болған республика академиясы сан-салауы ғылыми жұмыстың ордасына айналғаны сарпаталды. Геология, металлургия, кен игеру, энергетика, транспорт, химия салаларындағы кезек күттірмейтін міндеттер жүйе-жүйесімен ортаға салынды. Әсіресе, Орталық Қазақстан мен кеңді Алтайдың көл-көсір байлығын есеппен игеру жолдары тарапталды. Болашақта пайда беретін Ертіс—Қарағанды каналының, бүгінгі Жезқазғанның, Қазақстан Магниткасының, мысты Балқаштың, қазақ өлкесіндегі басқа да көптеген өнеркәсіпті орталықтардың атқаратын маңызын ол айта келіп, республиканың төрт ірі қаласында — Қарағандыда, Өскеменде, Гурьевте және Алматыда жаңадан ғылым-зерттеу институттарын ашу керектігін үлкен мәселе етіп қойды. Қазақ ССР Ғылым академиясының қамтуындағы ғылым-зерттеу институттарының саны бұл күнде отыздан асып, оларда қырық мыңнан аса ғылыми қызметкерлер еңбек етіп жүргені сол игі талаптың есері шығар деп ойлаймын.

Канекен соғыс жылдарында Жезқазғаннан Алматыға шақырылды. Әуелі СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалының председатели, одан кейін республика академиясының президенті болып, сайланды. Оның ғылыми сибектерінің басымы бөлігі рудалық кендер геологиясын және Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеуге арналды. Ол одақ көлеміндегі металлогения ғылымын қалыптастырды. Сондай-ақ, Қазақстандағы металлогендік болжам карталары да Канекеннің басшылығымен жасалды. Ғалым Сарыарқа мен кеңді Алтай сияқты қазыналары тұнып жатқан аймақтарға ерекше көңіл аударып келді. Жезқазған, Қарсақбай, Атба сар, Берікқара, Қарағанды, Өлең, Қаратау кендері жөнінде талай күндік сибектер қалдырды. Жезді, Байқоңыр, Ақжыт, Қорғасын, Жәйрем, Ата-су, Қостанай кендерінің ашылуына да жол ашты. Сөйтіп, совет ғылымына еңбегі сіңген, әрі қызметі бағаланып, талай рет СССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланған асыл ағамыз Кремльде сөз сөйлеп, бір үлгісте жерлерімізмен суретке түскен еді.

Осы ықылас бізді келесі 1962 жылдың февраль айында Қысқоводскінің Максим Горький атындағы санаторийінде тағы да ұшырастырды. Ол кездесу де талай есе қалатын, ерен серлерге беледі. Менің қасымадағы Қарағандының еңбек ардагері Әлісбай Әліжанов екеуіміз Канекеннен небір қызықты әңгімелер естідік. Опа-шаша жайлап салған әсем әңгірші тыңдалық. Жанына байбесің ерткен Канекенді март айында поезға мінгізіп салдық.

Сол жылы май айында Қазақ ССР Ғылым академиясының сайлауы өткізілді. Менің де кандидатурам корреспондент-мүшелікке ұсынылған кез сол тұс еді. Бірақ, сырқаттан төсек тартып қалғандықтан, мен бара алмадым. Канекен менің Қарағанды бассейнінде өткен азыз-кеңіт қогамдық және ғылыми қызметтеріме сипаттама беріп, қайлауыма себепші болды. Сол қуанышты хабарды өзі телефонмен жеткізіп, көп-көп табыс тіледі. Кешікпей 1963 жылдың июль айында КПСС Орталық Комитетінің идеология желінде арнаулы мәселе қараған Пленумына қазақстандықтардың бірі болып мен де қатыстым. Сол кездесуде Канекен мені қасына шақырып алып, жүзбе-жүз қолымды қысып, құттықтады. Сонда бұл ұшырасу ең ақырғы ұшырасу екенін сезбедім. Жарқын парасат ісін айтқан сөздері мәңгі есімде. Ақпайла ағанын жұмсақ алаңаның жылғы шуағы мәңгі есімде.

Әбісқа- САҒЫНОВ,
Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі,
Социалистік Еңбек Ері.

Орталық
Қазақстан
1989-12 сәуі